



«ӘЛКЕЙ МАРҒҰЛАН атындағы ПАВЛОДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ

ЖОЛСІЛТЕМЕ





ҚҰРМЕТТІ БІРІНШІ КУРС СТУДЕНТІ! ӘЛКЕЙ МАРҒҰЛАН атындағы ПАВЛОДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНЕ ҚОШ КЕЛДІҢІЗ!

Біз сіздерді Қазақстанның үздік педагогикалық жоғары оқу орындарының бірінде қош көрдік!

Біздің университеттің кәсіптік білім беру саласында үлкен тәжірибесі және ұзақ жылдар бойғы дәстүрлері бар. Біз 1962 жылдан бастап барлық мамандықтардың мұғалімдерін даярлаймыз. Біз жыл сайын инновациялар енгізуге, өз көрсеткіштерімізді жақсартуға ұмтыламыз және еліміздің мықты педагогикалық жоғары оқу орындарының бірі болып табыламыз. Марғұлан университеті іске асыратын 10 білім беру бағдарламасы Қазақстанның жоғары оқу орындары білім беру бағдарламалары рейтингінің ондығына 10-ншы болып кіреді.

Жыл сайын университет "Атамекен"ҰҚП өткізетін рейтингте тұрақты жоғары орынға ие болады. ҚР жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларының алғашқы "ондығына" жыл сайын 6-дан 12-ге дейін Марғұлан университетінің ББ кіреді.

Университет өз түлектерін мақтан тұтады және сіздер жоғары оқу орнымыздың педагогикалық дәстүрлерінің лайықты жалғастырушысы боласыздар деп үміттенеміз.

Марғұлан университетінде әрқайсыңыз оқу, ғылым, спорт және шығармашылықта өзіңізді көрсетуге мүмкіндік таба аласыз.

Студенттік өмірге кіруді жеңілдету үшін біз сізге бірінші курс студентінің нұсқаулығын дайындадық. Нұсқаулықтан сіз ЖОО-да оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері, университет бөлімдерінің және студенттік ұйымдардың жұмысы, студенттің құқықтары мен міндеттері туралы біле аласыз. Біздің ЖОО бірнеше жылға сіз үшін нағыз үй болады деп үміттенеміз және сіз Марғұлан университетінде оқитыныңызды мақтанышпен айтатын боласыз.

Сіздерді өмірлік маңызды кезең – кәсіби білім алудың басталуымен құттықтаймыз және еңбексүйгіштік, алға қойған мақсаттарға жетудегі табандылық және үнемі өзін-өзі жетілдіруді тілейміз. Бірнеше жылдан кейін әрқайсыңыз жақсы педагог болатындығыңызға сенімдіміз, өйткені бұл үшін біздің университетте сізде барлық мүмкіндіктер бар.

**Құрметпен, Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар
педагогикалық университетінің басқарма төрағасы - ректоры
Жанбол Жилбаев**



МИССИЯ

Ұлттың зияткерлік әлеуетін дамытуды қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасының педагогикалық зиялы қауымын қалыптастыру

ПАЙЫМ

Ә.Марғұлан атындағы «ППУ» КеАҚ – Қазақстан Республикасындағы білім беру қызметтері нарығында педагог кадрларды даярлау бойынша көшбасшы

ҚҰНДЫЛЫҚТАР

- Көшбасшылық
- Ынтымақтастық
- Ұлтжандылық
- Парасаттылық
- Құрмет
- Ізгілік
- Азаматтық ұстаным

ӘЛКЕЙ МАРҒҰЛАН атындағы ПАВЛОДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ – еліміздің жетекші педагогикалық жоғары оқу орындарының бірі, Қазақстандағы жоғары педагогикалық білім беру және білікті мамандарды даярлау саласындағы көшбасшы. Павлодар педагогикалық университеті отандық жоғары мектептің дәстүрлерін ұқыптап сақтайды, сонымен қатар жоғары білім беруді дамытудағы заманауи үрдістерге сүйене отырып, белсенді дамуда.

ҚУАТТЫ МАТЕРИАЛДЫҚ- ТЕХНИКАЛЫҚ БАЗА:

- **7** оқу ғимараты
- **787** орындық **2** Студенттер үйі
- Дене шынықтыру-сауықтыру кешені: **6** спорт залы – ойын, гимнастика, күрес залы, жалпы дене дайындығы, теннис және күрес залы; **2** жаттығу залы, **25** метрлік жүзу бассейні, қазіргі заманғы спорт алаңдары
- Ғылыми кітапхана: **436** орынға арналған **4** оқу залы, кітап қоры **500 000** данадан астам
- **2** мұражай
- **16** компьютерлік сынып, **170**-тен астам компьютер
- **57** мультимедиялық кабинеттер
- **4** ғылыми орталық
- **17** зертхана
- **12** мамандандырылған кабинет
- Бейнестудия
- Студенттік буфет және асхана
- Студенттік емхана

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ:

- **4** жоғары мектеп
- Контингент **4500** астам студенттер, магистранттар және докторанттар
- **64** білім беру бағдарламасы:
- **39** бакалавриат;
- **16** магистратура;
- **9** докторантура (PhD).

ЖОҒАРЫ БІЛІКТІ ПРОФЕССОР-ОҚЫТУШЫ ҚҰРАМЫ:

- **233** оқытушы;
- **3** халықаралық академиялардың корреспондент мүшесі;
- **14** ғылым докторы;
- **70** ғылым кандидаты;
- **24** доктор (PhD);
- **4** «Үздік жоғары оқу орнының оқытушысы» атағының иегері



БАСҚАРМА



**Андрющенко
Ольга
Константиновна**

Басқарма мүшесі -
академиялық мәселелер
жөніндегі проректоры

[andryuchshenko_olga
@ppu.edu.kz](mailto:andryuchshenko_olga@ppu.edu.kz)



**Есенгельдин
Бауыржан
Сатыбалдыұлы**

Басқарма мүшесі -
ғылыми жұмыс жөніндегі
проректор

[bauyrzhan_yessengel
din@ppu.edu.kz](mailto:bauyrzhan_yessengel
din@ppu.edu.kz)



**Ильясов
Серик
Кургамысович**

Басқарма мүшесі - тәрбие
жұмысы және әлеуметтік
мәселелер жөніндегі
проректор

s.ilyassov@ppu.edu.kz

ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ЖОҒАРЫ МЕКТЕБІ



Каримова
Анара
Еркеновна

гуманитарлық
ғылымдар жоғары
мектебінің деканы

karimovaae@ppu.edu.kz



Оразханова
Майгуль
Ирангаиповна

«Қазақ тілі мен
әдебиеті» ББ
жетекшісі

[orazhanova_maigul@
teachers.ppu.edu.kz](mailto:orazhanova_maigul@teachers.ppu.edu.kz)



Абдрахманов
Бауржан
Нариманович

«Тарих» ББ
жетекшісі

[abdrakhmanovbn@ppu.
edu.kz](mailto:abdrakhmanovbn@ppu.edu.kz)



Абзульдинова
Гульсум
Кенжебековна

«Орыс тілі мен
әдебиеті» ББ
жетекшісі

[abzuldinovagk@teachers.
ppu.edu.kz](mailto:abzuldinovagk@teachers.ppu.edu.kz)



Жолдабаева
Алия
Садуовна

«Шет тілі: екі шет
тілі» ББ жетекшісі

[zholdabayevaas@
ppu.edu.kz](mailto:zholdabayevaas@ppu.edu.kz)

Торайғыров көшесі 58, 303-каб., тел. 8(7182) 550822

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ЖОҒАРЫ МЕКТЕБІ



Габдуллин
Ермек
Серикович

Декан

gabdullines@ppu.edu.kz



Омаров
Мурабек
Капбасович

Химия және
география ББ
жетекшісі

omarovmk@teachers.ppu.edu.kz



Тулиндинова
Гульнар
Каиржановна

Биология ББ
жетекшісі

tulindinovagk@teachers.ppu.edu.kz



Анафина
Айша
Ермековна

Математика және
физика ББ жетекшісі

anafina_aisha@teachers.ppu.edu.kz



Ельтинова
Раушан
Аманжоловна

Информатика ББ
жетекшісі

yeltinova_raushan@ppu.edu.kz

Торайғыров көшесі 58, 107-каб., тел. 8 (7182) 651678

ПЕДАГОГИКА ЖОҒАРЫ МЕКТЕБІ



Нурмагамбетова
Ботагоз
Амангельдиновна

Педагогика жоғары
мектебінің деканы

nurmagambetovaba@ppu.edu.kz



Жапарова
Баглан
Магауовна

«Бастауышта оқыту
педагогикасы мен
әдістемесі» ББ
жетекшісі

zhaparovabm@teachers.ppu.edu.kz



Абдырова
Ардақ
Оразгалиевна

«Мектепке дейінгі
тәрбиелеу және
оқыту педагогикасы»
ББ жетекшісі

abdyrovaao@ppu.edu.kz



Шавалиева
Зульфия
Шавалиевна

«Арнайы педагогика»
ББ жетекшісі

shavaliyeva_zulfiya@teachers.ppu.edu.kz



Аплашова
Арна
Жартаевна

«Педагогика және
психология» ББ
жетекшісі

aplashovaazh@ppu.edu.kz

Торайғыров көшесі 58, 205-каб., тел. 8 (7182) 553867

ӨНЕР ЖӘНЕ СПОРТ ЖОҒАРЫ МЕКТЕБІ



Лебедева
Валентина
Ильинична

Өнер және спорт
жоғары мектебінің
деканы

lebedevavi@ppu.edu.kz



Алпысбай
Нурболат
Алпысбайұлы

Құқық, тарих,
кәсіпкерлік білім беру
бағдарламасының
жетекшісі

alpysbayna@teachers.ppu.edu.kz



Курабаева
Фарида
Альмырзиновна

«Көркем еңбек,
графика және жобалау»
білім беру
бағдарламасының
жетекшісі

kurabaevafa@ppu.edu.kz



Семёнова
Марина
Васильевна

«Дене шынықтыру
және спорт» білім беру
бағдарламасының
жетекшісі

semyonovamv@teachers.ppu.edu.kz




Тілеуберді
Азамат

Музыкалық білім білім
беру бағдарламасының
жетекшісі

azamatt@ppu.edu.kz

Олжабай батыр көшесі 58, тел. 8 (7182) 651662



АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ – бұл білім беру мекемесі белгілеген академиялық адалдық ережелері мен нормаларын сақтау



АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ

- Өз идеялары
- Барлық ақпарат көздерін тану
- Тапсырмаларды өз бетінше орындау немесе ынтымақтастықты растау
- Өз зерттеулеріңізді жүргізу кезінде нәтижелерді нақты ұсыну
- Емтихан кезіндегі адалдық



АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰЖДАНСЫЗДЫҚ

- Плагиат, өзіндік плагиат
- Тест жауаптарын көшіру
- Біреудің жұмысын орындау
- Біреуге тест немесе емтихан сұрақтарына жауап беру немесе біреуден алдын ала жауап алу
- Сізге тапсырма жасау үшін біреуге төлеу
- Енжарлық
- Алаяқтық
- Жалған (forgery)
- Бұрмалау
- Академиялық ұждансыздыққа жәрдемдесу
- Рұқсат етілмеген ынтымақтастық

Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінде академиялық адалдық оқу үдерісінің негізгі қағидасы болып табылады.

АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚТЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ:


1. Академиялық жұмыста адалдық пен өзара құрметтеуді қалыптастыратын негізгі институционалдық құндылық ретінде академиялық адалдықты қамтамасыз ету;
2. Жоғары этикалық құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған академиялық адалдықтың әділ және объективті қағидаларын бекіту;
3. Басқа білім беру ұйымдарының верификацияланатын транскриптері негізінде білім алушының кредиттерін қайта есепке алудың нақты тетігі мен рәсімін айқындау жолымен білім алушының жүйелі және үздіксіз оқу траекториясын қамтамасыз ету;
4. Академиялық мәдениетті қалыптастыруға ықпал ететін тәлімгер ретінде оқытушының өз білім алушыларына құрмет көрсетуі;
5. Академиялық адалдықты ілгерілету және қорғау үшін білім беру процесіне қатысушыларды ынталандыру және көтермелеу;
6. Оқытушының пәннің нақты саясатын, білім алушыдан күтілетін талаптарды анықтауы;
7. Оқытушының білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың нақты параметрлерінің саясатын айқындауы;
8. Академиялық адалдық қағидаттарын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шаралар қабылдау;
9. Білім алушыларға білім беру, әлеуметтік және психологиялық қолдау көрсететін және академиялық ұждансыздық көріністеріне жол бермеуге мүмкіндік беретін академиялық орта құру.



<https://ppu.edu.kz>

Университет сайтында толығырақ ақпарат алуға болады.

- Академиялық саясат
- Академиялық адалдық кодексі
- Студенттің ар-намыс кодексі



ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Марғұлан университетінде білім беру қызметі кредиттік оқыту технологиясына сәйкес іске асырылады.

Университетте оқу процесін ұйымдастыру академиялық күнтізбе негізінде жүзеге асырылады.

Академиялық күнтізбеде оқу жылы ішіндегі оқу сабақтарын, аралық және қорытынды аттестаттауды, кәсіптік практикаларды және оқу жұмысының басқа да түрлерін өткізу кезеңдері, демалыс күндері (демалыстар мен мерекелер) көрсетіледі.

Әрбір академиялық кезең аралық аттестаттау кезеңімен аяқталады.

Марғұлан университетінде оқу процесі ұйымдастырушылық формалар және оқыту әдістерінің әр түрлі жүйесі аясында жүзеге асырылады, оған мыналар кіреді:

- дәрісханалық сабақтар (дәрістік, практикалық, семинарлық, студиялық, зертханалық);
- дәрісханадан тыс жұмыс (білім алушының өзіндік жұмысы, оқытушының жетекшілігімен білім алушының өзіндік жұмысы, кеңес берулер);
- кәсіптік практиканы, тағылымдамаларды, ғылыми-зерттеу (эксперименттік-зерттеу) жұмыстарын жүргізу, бітіру жұмыстарын (дипломдық, магистрлік диссертацияны (жобаны), докторлық диссертацияны дайындау және жазу;
- оқу жетістіктерін бақылау (ағымдағы және межелік бақылау, коллоквиумдар, бақылау жұмыстары, курстық жұмысты қорғау, кәсіптік практика, білім алушының ғылыми-зерттеу (эксперименттік-зерттеу) жұмысы бойынша есеп, емтихан, сынақ, қорытынды аттестаттау).



ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ

Университет қашықтықтан оқытуды ұсынады:

1. ҚБТ қолдана отырып, оқуға ұсынымдары және дәрігерлік-консультациялық комиссия қорытындысы бар білім алушылар үшін;
2. халықаралық, республикалық оқу-жаттығу жиындары, спорттық жарыстар, зияткерлік және шығармашылық байқаулар мен фестивальдар қатысушыларының қатысу кезеңіне арналған;
3. төтенше жағдай, шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген, төтенше жағдайлар жарияланған жағдайларда

КӘСІПТІК ПРАКТИКА

Кәсіптік практика білім алушының оқу жұмысының міндетті түрі болып табылады. Кәсіптік практиканың негізгі түрлері оқу, педагогикалық, өндірістік, зерттеу және дипломалды болып табылады.

Кәсіптік практиканың нәтижелері аралық аттестаттаудың қорытындыларын шығару кезінде ескеріледі.

СИЛЛАБУС

Оқу іс-әрекетінің барлық түрлері силлабуста сипатталады.

Силлабус – бұл оқытылатын пәннің сипаттамасын, пәннің мақсаттары мен міндеттерін, оның қысқаша мазмұнын, тақырыптары мен оларды оқыту ұзақтығын, өзіндік жұмыс тапсырмаларын, кеңес берулер уақытын, оқу процесінің саясатын және студенттердің жұмысын бағалау қағидаттарын сипаттайтын оқу бағдарламасы, оқу курсының қай бөлігі және қалай бағаланатыны туралы ақпарат береді.

Силлабусты мұғалім бірінші сабақта береді.



2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН АКАДЕМИЯЛЫҚ КҮНТІЗБЕ

Семестрлер бойынша негізгі кезеңдер

КҮЗГІ СЕМЕСТР

Семестрдің басталуы	04.09.2023
Семестрдің аяқталуы	15.12.2023
1 межелік бақылау	16 – 20.10.2023
2 межелік бақылау	11 – 15.12.2023
Емтихан сессиясы	18.12.2023 – 05.01.2024
Демалыс	08 – 19.01.2024

КӨКТЕМГІ СЕМЕСТР

Семестрдің басталуы	05.02.2024
Семестрдің аяқталуы	17.05.2024
1 межелік бақылау	18 – 22.03.2024
2 межелік бақылау	13 – 17.05.2024
Емтихан сессиясы	20.05 – 07.06.2024
Демалыс	10.06 – 31.08.2024


Жазғы семестр – 24.06. – 02.08.2024

Қорытынды аттестаттау – 29.04. – 14.06.2024


Оқу процесінің кестесіне сәйкес кәсіптік практикадан өту кезеңдері Платон ААЖ-да қол жетімді.

ПЛАТОН ААЖ-ДАҒЫ АКАДЕМИЯЛЫҚ КҮНТІЗБЕ, СТУДЕНТ ҮШІН ҚОЛ ЖЕТІМДІЛІК

Семестр бойынша негізгі кезеңдер



The login page for the Platonus system. It features the 'platonus' logo at the top, followed by the 'U PEDAGOGIC UNIVERSITY' logo. Below the logos, there is a language selector set to 'Русский'. The username field contains 'tyleukabylova_zharkynai' and the password field is masked with dots. A green 'ВОЙТИ' (Login) button is at the bottom. At the very bottom, there are links for 'Регистрация абитуриентов' and 'Забыли пароль?'.




The calendar view interface for the 1st semester. A circular callout highlights the main menu items: 'Расписание', 'Индивидуальный учебный план', 'Календарь' (highlighted with an orange arrow), 'Транскрипт', 'Тестирование', 'Апелляции', and 'Библиотека'. The main content area shows the '1 семестр' section with fields for 'Начало семестра', 'Конец семестра', 'Дата выставления средней оценки', and 'Всего недель'. Below this is the 'Регистрация' section with a note about the 2022-2023 academic year, followed by 'Рубежные контроли' (1 and 2) and 'Сессия'.

ОҚУ САБАҚТАРЫ

Оқу сабақтары оқу жоспарлары негізінде жасалатын бекітілген кестеге сәйкес жүргізіледі.

Оқу сабақтарының кестесі оқу жылының әрбір академиялық кезеңіне ББ, оқыту тілі және оқыту курсы бөлінісінде жасалады.

Оқу сабақтарының кестесі университеттің «Platonus» ААЖ-да орналастырылады. Білім алушылар мен ОПҚ жеке кабинетте кестеге қол жеткізе алады.



ППУ ҚОҢЫРАУ КЕСТЕСІ

(сабақ 50 минуттан)

1-сабақ	8.00 – 8.50
2-сабақ	9.00 – 9.50
3-сабақ	10.00 – 10.50
4-сабақ	11.20 – 12.10
5-сабақ	12.20 – 13.10
6-сабақ	13.20 – 14.10
7-сабақ	14.20 – 15.10
8-сабақ	15.20 – 16.10
9-сабақ	16.30 – 17.20
10-сабақ	17.30 – 18.20
11-сабақ	18.30 – 19.20
12-сабақ	19.30 – 20.20





Білім алушыларды пәнді оқуға жазуды эдвайзерлердің көмегімен тіркеуші офисі арқылы ұйымдастырады. Тіркеу кезеңі басталғанға дейін пәндердің сипаттамасы Марғұлан университеті сайтында орналастырылады. Тіркеуге дейін білім алушыларға тіркеуге қол жеткізу үшін негіз болып табылады:

- Марғұлан университетіне білім алушылар қатарына қабылдау туралы бұйрық;
- семестр үшін ақы төлеу (егер оқу ақылы негізде жүзеге асырылса).

Қалған білім алушылар академиялық күнтізбеде көрсетілген тіркеу кезеңі ішінде әрбір академиялық кезеңнің соңында келесі курстың пәндеріне және пәндерді қайта өтуге тіркеледі.

Тіркеуге қол жеткізу үшін негіздеме болып табылады:

- қандай да бір пәнді оқу үшін талап етілетін барлық пререквизиттерден өту;
- оқу ақысын төлеу бойынша қаржылық берешектің болмауы;

Эдвайзер бірінші курстың білім алушылары үшін бірінші таныстыру аптасы ішінде, келесі курстарда 5 сәуірден кешіктірмей білім алушыларды оқу жоспарымен және элективті пәндердің каталогымен таныстырады, білім алушыларға оқу жоспарлары мен таңдау пәндерінің каталогына сәйкес пәндерді таңдау мәселелері бойынша кеңес пен түсініктемелер береді. Білім алушыларды курстан курсқа ауыстыру үшін Марғұлан университеті Ғылыми кеңесімен оқыту курстары бөлінісінде GPA ең төменгі балының шамасын бекітілген.

2-курсқа	кемінде 1,67 балл
3-курсқа	кемінде 2 балл
4-курсқа	кемінде 2,33 балл

ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІН БАҒАЛАУ

(бакалавриат, магистратура, докторантура)

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау жүйесі үлгерімнің ағымдағы бақылауын, межелік бақылауды, аралық аттестаттауды және қорытынды аттестаттауды қамтиды.

Бақылау түрі	Пән мазмұнымен анықталатын бақылау нысандары	Кім бақылау жүргізеді	Үлгерім мен сабаққа қатысуды есепке алу бойынша бастапқы құжаттар
Ағымдағы	Фронталды және тесттік сауалнамалар: бақылау жұмыстары, есептер, СӨЖ тексеру, дәріс конспектілері, оқу және қосымша әдебиеттермен жұмыс, есептер, жаттығулар және т. б.	Оқу сабақтарын жүргізетін оқытушы	Оқытушының журналы және/немесе электрондық журналы
Межелік	Коллоквиумдар, әдеттегі немесе бағдарламаланған бақылау жұмыстары, семестрлік тапсырмалар, рефераттар, тесттер, курстық жұмыстарды орындау және т. б.	Оқу сабақтарын жүргізетін оқытушы	Оқытушылардың журналдары және межелік бақылау тізімдемесі
Аралық	Емтихан-тест, ауызша сауалнама, эссе, жобаларды қорғау, жазбаша емтихан және т. б.	Тәуелсіз емтихан алушы	Емтихан тізімдемесі
Қорытынды	Мемлекеттік емтихан, бітіру жұмысын қорғау	Аттестаттау комиссиясы	АК хаттамасы

Білім алушылардың оқу жетістіктері оқу жұмысының, кәсіптік практиканың, ғылыми-зерттеу (эксперименттік-зерттеу) жұмысының барлық түрлері мен нысандары бойынша бағаланады.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау балдық-рейтингтік әріптік жүйе бойынша әртүрлі бақылау тапсырмаларының негізінде оқытылатын пәндерден білім алушылардың білімін тексеру нысанында жүргізіледі.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың әріптік жүйесі

Әріптік жүйе бойынша бағалау	Баллдардың сандық баламасы	Пайыздық қамтылуы	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D	1,0	50-54	
FX	0,5	25-49	Қанағаттанарлықсыз
F	0	0-24	

Ауысу балының ең төменгі шамасын жинаған білім алушылар жоғары мектеп деканының ұсынысы негізінде ректордың бұйрығымен келесі курсқа ауыстырылады. Жиынтық тізімдеме негізінде жоғары мектеп деканы ағымдағы оқу жылының жазғы емтихан сессиясы аяқталғаннан кейін екі аптадан кешіктірмей білім алушыларды курстан курсқа ауыстыру туралы қызметтік жазба түрінде ұсыныс енгізеді.

Ауысу балының ең төменгі шамасын ала алмаған білім алушы қайта оқу курсына қалдырылады.

Курс бағдарламасын толық көлемде орындаған, бірақ өту балының ең төменгі шамасын жинай алмаған білім алушыға өзінің үлгерімінің орташа балын (GPA) арттыру мақсатында жазғы семестрде жекелеген пәндерді ақылы негізде қайта оқуға және олар бойынша емтихандарды қайта тапсыруға мүмкіндік беріледі.

Емтиханды қайта тапсырудың оң нәтижесі болған кезде қорытынды баға қайтадан есептеледі, ол емтихан тізімдемесіне және транскриптке жазылады.



ЖАЗҒЫ СЕМЕСТРДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТУ



Марғұлан университетінде қосымша оқу қажеттілігін қанағаттандыру, академиялық берешекті немесе оқу жоспарларындағы айырманы жою, басқа білім беру ұйымдарында білім алушылардың өзінің жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымында міндетті түрде қайта сынақ тапсыра отырып, оқу пәндерін зерделеу және кредиттерін игеру, үлгерімнің орташа балын (GPA), аралас немесе қосымша білім беру бағдарламасын, оның ішінде қос дипломды білім беру шеңберінде меңгеруі үшін ұзақтығы кемінде 6 апта жазғы семестр (бітіру курсын қоспағанда) енгізуге жол беріледі.

Академиялық қарызы бар бітіруші курс білім алушылары оларды қайта оқу жылы және/немесе академиялық кезең ішінде кредиттер санына байланысты жояды.

Жазғы семестрдің ұзақтығы ББ және курстар бөлінісінде оқу процесінің академиялық күнтізбесімен анықталады.

Жазғы семестрден өтуге мынадай білім алушылардың құқығы бар:

- оқу үлгерімі «жақсы» және «өте жақсы» (қосымша жеделдетілген оқудан өту үшін, оның ішінде басқа жоғары оқу орындарының білім алушылары);
- рейтинг-бақылау нәтижелері бойынша аралық аттестаттауға жіберілмеген;
- өткен академиялық кезеңдер үшін академиялық берешегі бар;
- жеке пәндерді қайта оқу есебінен үлгерімнің орташа балын (GPA) арттыру мақсатында курс бағдарламасын толық көлемде орындағандар, бірақ ең төменгі өту балын жинай алмағандар (мемлекеттік емтихан тапсырылатын «Қазіргі заманғы Қазақстан тарихы» пәнінен басқа);
- академиялық демалысқа қайта қабылдану, ауысу, қайта оралу кезінде академиялық айырмашылығы бар;
- академиялық оралымдылық шеңберінде басқа ЖОО білім алушылары.

Жазғы семестрде оқуға өтінім <https://my.pspu.kz> жеке кабинетінде беріледі. Барлық сұрақтар бойынша СҚКО-ға хабарласуға болады.

БАКАЛАВРИАТТЫҢ КӘСІПТІК ПРАКТИКАСЫНЫҢ ТҮРЛЕРІ

1 курс – Оқу (таныстыру)

2 курс (1–қысқ.) – Психологиялық-педагогикалық

3 курс (2–қысқ.) – Педагогикалық

4 курс (3–қысқ.) – Өндірістік педагогикалық, дипломалды

Практика базалары білім беру бағдарламасының ерекшелігіне сәйкес келетін білім беру ұйымдары болып табылады

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН KEЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДІҢ КӘСІПТІК ПРАКТИКАСЫНЫҢ ТҮРЛЕРІ

МАГИСТРАТУРА

Ғылыми-педагогикалық – педагогикалық, зерттеушілік

Практика базалары білім беру ұйымдары және/немесе ЖОО-ның жоғары мектептері болып табылады

ДОКТОРАНТУРА

1 курс – педагогикалық

2 курс – зерттеушілік

ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСТЫРУ

ҚР «Білім туралы» Заңының 47-бабы 17-тармағына, сондай-ақ ҚР Үкіметінің 30.03.2012 ж. № 390 қаулысымен бекітілген жас мамандарды жұмысқа жіберу қағидаларына сәйкес мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алған азаматтарға міндетті үш жылдық өтеу жүктелген.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МАМАНДЫҚТАР ҚАЙДА ЖҰМЫС ІСТЕУ КЕРЕК?

Ауылдық квота



ҚР бойынша кез
келген ауылдық
жердегі білім беру
ұйымында

Мемлекеттік білім
беру тапсырысына



ҚР бойынша кез
келген білім беру
ұйымында

Серпін квотасы
шегінде ауыл
жастары



Өңірдегі оқу орны
бойынша (Павлодар
облысы, Павлодар қаласы
және ҚР басқа 11
облыстарынан)

ЖЕКЕ КАБИНЕТ

Студенттер мен оқытушылардың негізгі онлайн-жұмыс аймағы <https://my.pspu.kz> мекенжайы бойынша орналасқан жеке кабинет болып табылады

Жүйедегі жеке кабинетте авторландыру логин мен құпиясөз арқылы жүзеге асырылады.

Жеке кабинет студенттер мен оқытушыларға оқу және жеке жоспарларға, сабақ және емтихан кестелеріне, ағымдағы үлгерім мен транскриптке, жаңалықтар мен хабарландыруларға қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Жеке кабинетте студенттерге қызмет көрсету орталығына өтінімдер және өтініштер беруге болады.

Логин и пароль для входа в личный кабинет можно получить в [Центре обслуживания студентов](#)



<https://my.pspu.kz>

Личный кабинет
Студента



НАО "ПАВЛОДАРСКИЙ
ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ
УНИВЕРСИТЕТ"

Қаз
Рус
Eng

Выйти

Новостной блок МОН РК Индивидуальный учебный план

Курс 1 – текущий

№	Код дисциплины	Название дисциплины	Количество кредитов	Вид занятия	Часы	Форма контроля
Семестр 1						
ООД						
1	IYa 1104	Иностранный язык	10	Практики, Семинары	90	Экзамен
2	KRYa 1106	Казахский (Русский) язык	10	Практики, Семинары	90	Экзамен
3	MSPZSPKP 1108	Модуль социально-политических знаний (социология, политология, культурология, психология)	8	Лекции	30	Экзамен
				Практики, Семинары	15	Экзамен

ppu.edu.kz

Ресми сайт <https://ppu.edu.kz> мекенжайы бойынша қол жетімді.

Сайт қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде қолжетімді.

Сайтта сайттың қызметі туралы негізгі ақпарат бар. Барлық материалдар санаттарға құрылымды бөлінген: Түсу, Оқыту, Жастар саясаты, Ғылым, Жаңалықтар мен хабарландырулар және басқалар.


«Online-сервистер» бөлімінде университеттің негізгі желілік ресурстарына сілтемелер орналасқан. Байланыстар, әлеуметтік желілер парақшаларына сілтемелер жарияланған, онлайн өтініштер және т.б. беру мүмкіндігі бар.

Сондай-ақ университетте келесі жүйелер жұмыс істейді:

- Platon (<https://platon.pspu.kz>) оқу процесін басқару жүйесі;
- (<https://do.pspu.kz>) онлайн оқыту порталы;
- Irbis (<http://irbis.pspu.kz>) Е. Бекмаханов ат. ғылыми кітапхана порталы




<https://ppu.edu.kz>






<https://platon.pspu.kz>



<https://do.pspu.kz>



<http://irbis.pspu.kz>



Е. БЕКМАХАНОВ АТЫНДАҒЫ ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНА



А-202 абонементінде (Олжабай батыр көшесі, 60, №1 ғимарат) оқырмандарды жазу, оқу басылымдарын семестрге беру және оқырман билетін беру жүргізіледі.

Абонементке оқырман билеті үшін топ старосталары қызмет көрсету бөліміне әкелуі қажет:

- топ студенттерінің тізімі (куәлік бойынша толық Т;А;Ә.);
- 3*4 көлемдегі 1 фотосурет (артқы жағында Т.А.Ә. және топты көрсету).

Оқу әдебиеттерін беру үшін 1 семестрге оқытылатын пәндер тізімін ұсыну.


№1 оқу залы (Олжабай батыр көшесі, 60, №1 ғимарат, А-201) ЖОО мамандықтары бойынша ғылыми және оқу әдебиеттерін қамтиды, ғаламторға және университеттің электрондық ресурстарына шығатын компьютерлермен жабдықталған.

№2 оқу залы (Торайғыров көшесі, 58, №5 ғимарат, А - 500) гуманитарлық және жаратылыстану бағыттары бойынша білім алушыларға арналған қағаз және магниттік тасымалдағыштардағы ғылыми және оқу әдебиеттерін қамтиды, компьютерлік техника және ғаламторға шығу мүмкіндігімен жабдықталған.

№3 оқу залы (Олжабай батыр көшесі, 60, №1 ғимарат, А - 108) – мерзімді басылымдар залы отандық және шетелдік мерзімді басылымдармен оқырмандарға қызмет көрсетеді. Оқу залы Wi-Fi аймағы бар автоматтандырылған жұмыс орындарымен жабдықталған.


№5 оқу залында (Мир көшесі, 60/2, А - 202) көркем әдебиет қоры, Білім алушыларға арналған оқу әдебиеттері, сондай-ақ музыкалық мамандықтар бойынша оқитын студенттерге арналған әдебиеттер бар. Зал компьютерлермен жабдықталған, ғаламторға қолжетімділік ұсынылған.

ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНАНЫҢ ЭЛЕКТРОНДЫҚ РЕСУРСТАРЫ



Кітапхананың негізгі ақпараттық ресурсы электрондық каталог болып табылады. Марғұлан университеті электрондық каталогы <http://ppu.edu.kz> университет сайтында орналасқан.

Оқырмандар электрондық каталогқа кітапхана қабырғасында ғана емес, сонымен қатар қашықтан қол жеткізе алады.



Университетке басылымдар топтамасын сатып ала отырып, Clarivate Analytics, Springerlink, Scopus, Эпиграф ЭКЖ, Республикалық жоғары оқу орындары арасындағы электрондық кітапханаға (РМЭБ) ұлттық жазылымы шеңберінде ғылымиметрикалық және толық мәтінді ДБ қолжетімділік беріледі; ҚазҰЭК қазақстандық ресурстарына қолжетімділік ұсынылған.

17 СТУДЕНТТІК ҰЙЫМ



- ЖАСТАР ІСІ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ;
- «ЖАСТАР РУХЫ» ЖАСТАР ҚАНАТЫ;
- «LOTOS» ППУ ЕРІКТІЛЕР КЛУБЫ;
- «АҚИҚАТ», «VERITAS» ПІКІРСАЙЫС КЛУБТАРЫ;
- «ENACTUS PPU»;
- «ППУ ҚҰРАМАСЫ» КТК КОМАНДАСЫ;
- «СЕРПІН ІСКЕРЛЕРІ»;
- «САНАЛЫ ҰРПАҚ» КЛУБЫ ;
- Q - MEDIAGROUP
- «ҒИБРАТ» ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БІРЛЕСТІГІ;
- СТУДЕНТТЕР ҮЙІНІҢ СТАРОСТАТЫ
- «ҚҰС ҚАНАТ ҒҰМЫР» АҚЫНДАР КЛУБЫ және т.б.

БАРЛЫҚ СҰРАҚТАР БОЙЫНША БАС ОҚУ
ҒИМАРАТЫНЫҢ 006 КАБИНЕТІНЕ ЖҮГІНУГЕ
БОЛАДЫ



ТОЛЫҚ АҚПАРАТ АЛУ ҮШІН
QR КОДТЫ СКАНЕРЛЕҢІЗ

8 ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ СТУДЕНТТІК КЛУБ

- VIA «PRU» (АСПАПТЫҚ АНСАМБЛЬ)
- ШЕШЕНДІК ШЕБЕРЛІК КЛУБЫ
- «ДОМБЫРА» КЛУБЫ
- «JAIDARMAN» КТК КЛУБЫ
- ХОРЕОГРАФИЯ КЛУБЫ
- ВОКАЛ КЛУБЫ
- «Q-MEDIA GROUP» КЛУБЫ
- ПІКІРСАЙЫС КЛУБЫ



БАРЛЫҚ СҰРАҚТАР БОЙЫНША БАС ОҚУ
ҒИМАРАТЫНЫҢ 006 КАБИНЕТІНЕ ЖҮГІНУГЕ
БОЛАДЫ



ТОЛЫҚ АҚПАРАТ АЛУ ҮШІН
QR КОДТЫ СКАНЕРЛЕҢІЗ

ӘЛКЕЙ МАРҒҰЛАН атындағы ПАВЛОДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ ИНТЕГРАЛДЫҚ GPA (IGPA) ЖОБА ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАДЫ

2022-2023 оқу жылынан бастап Марғұлан университеті интегралды GPA (IGPA) енгізу бойынша Ғылым және жоғары білім министрлігінің пилоттық жобасына қатысып бастады.

Бұл жобаның мақсаты қоғам алдындағы жоғары әлеуметтік жауапкершілігі бар, зерттеуге бағытталған білімге негізделген экономиканы құруға қатысатын жоғары білімді тұлғаны қалыптастыру.

Интегралды GPA білім алушының оқу жетістіктерінің қол жеткізілген деңгейін, зерттеу қызметіне бейімділігін және әлеуметтік құзыреттердің даму дәрежесін көрсетеді.

Интегралды GPA-ның негізгі құрамдас бөлігі студенттің үлгерімі, оның оқу жетістіктері болып табылады.

* Интегралдық GPA (IGPA) есебі университет білім алушыларының интегралдық, оның ішінде әлеуметтік GPA енгізу бойынша әзірленген Ережеге сәйкес жүргізіледі.

* IGPA есебі әр семестрдің соңында жасалады.

* IGPA білім алушының академиялық жетістіктерін, ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысуын және оның әлеуметтік белсенділігін ескереді.

ӘЛКЕЙ МАРҒҰЛАН атындағы ПАВЛОДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ ИНТЕГРАЛДЫҚ GRA (IGRA) ЖОБА ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАДЫ




Оқушыларды iROS және SSCI-ге ынталандыру саясаты Зерттеу және әлеуметтік-бағдарланған қызметті ынталандыру шаралары:

1. Әлкей Марғұлан атындағы атаулы стипендиялар беру. Стипендия әрбір семестрдің қорытындысы бойынша ғылыми-зерттеу қызметінде елеулі нәтижелерге қол жеткізген, iROS ең жоғары баллы бар 20 білім алушыға тағайындалады.
2. КОКСНиВО журналдарында, Web of Science базасында және т. б. мақалалар жариялағаны үшін ақшалай ынталандыру.
3. Шетелдік тағылымдама.
4. Ғылыми конференцияларға, конкурстарға қатысқаны үшін шығындарды өтеу.
5. Академиялық ұтқырлық.
6. "Жыл үздігі" оқу жылының соңында студенттерді марапаттау.
7. "Ruhanu Tour "Қазақстанның киелі жерлеріне баратын мәдени-демалыс сапарларға қатыстыру.
8. Шығармашылық, әлеуметтік қызметтегі жоғары жетістіктері үшін атаулы стипендиялар беру.

ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК

ӘЛЕУМЕТТІК
МӘСЕЛЕЛЕР
ЖӨНІНДЕГІ БӨЛІМІНІҢ
БАСТЫҒЫ -
БАҒДАТЖАН
АЙТӨРЕҰЛЫ ЖҮСІП

Телефон:
8-778-535-02-16



ТОЛЫҚ АҚПАРАТ АЛУ ҮШІН
QR КОДТЫ СКАНЕРЛЕҢІЗ

БАРЛЫҚ СҰРАҚТАР БОЙЫНША
БАС ОҚУ ҒИМАРАТЫНЫҢ 006
КАБИНЕТІНЕ ЖҮГІНУГЕ БОЛАДЫ

СТУДЕНТТЕР ҮЙІНЕ ОРНАЛАСУ ЕРЕЖЕСІ

СТУДЕНТТЕР ҮЙІНЕ ОРНАЛАСУҒА
ӨТІНІШ ҚАЛДЫРУ ҮШІН QR КОДТЫ
СКАНЕРЛЕ!



МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ!!!
СТУДЕНТТЕР ҮЙІНЕ ОРНАЛАСУҒА ӨТІНІШТЕРДІ
ҚАБЫЛДАУ **17-23 ТАМЫЗ АРАЛЫҒЫНДА ОНЛАЙН
ФОРМАТТА** ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАДЫ.

ӨТІНІШ ҚАЛДЫРУ ҮШІН:

1. QR КОДТЫ СКАНЕРЛЕП, "ӨТІНІШ ҚАЛДЫРУ"
БАТЫРМАСЫН БАСЫҢЫЗ (**ВИДЕОДАҒЫ
НҰСҚАУЛЫҚҚА СӘЙКЕС**)
2. БАРЛЫҚ ТАРМАҚТАРДЫ ТОЛЫҒЫМЕН ТОЛТЫРЫҢЫЗ
3. ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕҢІЛДІКТІ (**ЖЕТІМ ЖӘНЕ АТА-
АНАСЫНЫҢ ҚАМҚОРЛЫҒЫНСЫЗ ҚАЛҒАН
СТУДЕНТТЕР, КӨП БАЛАЛЫ ОТБАСЫ, МҮМКІНДІГІ
